

Қызметшілер лауазымдарының (дәрілік заттар өндірісіне және айналысына жататын лауазымдар бөлігінде) сыныптауышы туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 206 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 30-бабына, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 4 және 7-тармақтарына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы ережені басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Қызметшілер лауазымдарының (дәрілік заттар өндірісіне және айналысына жататын лауазымдар бөлігінде) сыныптауышы (бұдан әрі – Сыныптауыш) бекітілсін.

2. Сыныптауыш Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына енгізілсін.

3. Мынадай:

Сыныптауыш осы Шешім күшіне енген күнінен бастап қолданылады;

Сыныптауыштың кодтық белгіленімдерін пайдалану Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде дәрілік заттар айналысы саласындағы жалпы процестерді іске асыру кезінде міндетті болып табылады деп белгіленсін.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 26 қарашадағы
№ 206 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Қызметшілер лауазымдарының (дәрілік заттар өндірісіне және айналысына жататын лауазымдар бөлігінде) СЫНЫПТАУЫШЫ

1. Сыныптауыштан ізеуірттелген мәліметтер

Негізгі топтың коды	Лауазымның коды	Лауазымның атауы
	Басшылар	

1010	комбинаттың бас директоры	
1020	салааралық ғылыми-техникалық кешеннің бас директоры	
1030	ғылыми-өндірістік бірлестіктің бас директоры	
1040	бірлестіктің бас директоры	
1050	кәсіпорынның бас директоры	
1060	өндірістік бірлестіктің бас директоры	
1070	денсаулық сақтау мекемесінің бас дәрігері (директор, меңгерушісі, бастығы)	
1080	мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерінің бас дәрігері (бастығы) (бас санитариялық дәрігер)	
1090	филиалдың (аумақтық филиалдың) директоры (меңгерушісі)	
1100	ұйымның (іздістіру, конструкторлық, жобалық) директоры	
1110	трест директоры (бастығы)	
1120	дирекция директоры (бастығы, уәкілі)	
1130	кәсіпорын директоры (бастығы, басқарушы)	
1140	департамент (комитет) директоры (басшысы)	
1150	завод директоры	
1160	өкілдік директоры (басшысы)	
1170	фабрика директоры	
1180	фирма директоры	
Негізгі топтың коды	Лауазымдар коды	Лауазымдардың атауы
	1181	кәсіпорынның бас директорының орынбасары
	1182	департамент (комитет) директорының орынбасары (басшысы)
	1190	мемлекеттік (федералдық) қызмет басқармасындағы бөлім бастығының орынбасары
	1200	мемлекеттік (федералдық) қызметтің бөлім бастығының орынбасары
	1210	аумақтық орган бөлімі бастығының орынбасары

1220	мемлекеттік (федералдық) қызмет басқармасы бастығының орынбасары
1221	филиал (аумақтық филиал) бастығының (директорының, басшысының) орынбасары
1230	мемлекеттік (федералдық) қызмет басшысының орынбасары
1240	аумақтық орган басшысының орынбасары
1250	қызмет бастығы, меңгерушісі, басшысы
1260	бригада бастығы
1270	бюро (ғылыми-техникалық даму) бастығы
1280	мемлекеттік инспекция бастығы
1290	топ бастығы (меңгерушісі, жетекшісі)
1300	инспекция бастығы
1310	кешен бастығы
1320	зертхана бастығы (меңгерушісі)
1330	бірлестік бастығы
1340	бөлім бастығы (меңгерушісі, басшысы)
1350	мемлекеттік (федералдық) қызмет басқармасындағы бөлім бастығы
1360	мемлекеттік (федералдық) қызмет бөлімінің бастығы
1370	аумақтық орган бөлімінің бастығы
1380	бөлімше бастығы
1390	партия бастығы
1400	өндіріс бастығы
1410	пункт бастығы
1420	сектор бастығы (меңгерушісі)
1440	ауысым бастығы
1450	басқарма бастығы (басшысы)
1460	мемлекеттік (федералдық) қызмет басқармасының бастығы
1470	учаске бастығы
1480	фабрика бастығы
1490	филиалдың (аумақтық филиалдың) бастығы (басшысы)
1500	орталық бастығы (меңгерушісі, басшысы)

	1510	орталық зауыт зертханасының бастығы
	1520	цех бастығы
	1530	мемлекеттік (федералдық) қызмет басшысы (директоры)
	1540	аумақтық орган басшысы
	1550	сапа бойынша уәкіл
2	Жоғары деңгейлі білікті мамандар	
	2010	бактериолог
	2020	биолог
	2030	биофизик
	2040	биохимик
	2041	жетекші инженер
	2050	жетекші консультант
	2060	жетекші ғылыми қызметкер
	2068	1 разрядты жетекші маман
	2069	2 разрядты жетекші маман
	2070	3 разрядты жетекші маман
	2080	жетекші сарапшы - маман
	2090	дәрігер
	2100	бас шығарушы
	2110	бас мемлекеттік инспектор
	2120	бас инженер
	2130	бас ғылыми қызметкер
	2140	бас маман
	2150	бас сарапшы-маман
	2160	бас технолог
	2170	жобаның бас технологы
	2171	бас сарапшы
	2180	дәрігерлік-еңбек сараптамасы бойынша бас сарапшы
	2190	мемлекеттік инспектор
	2200	инженер
	2210	сынақтар жөніндегі инженер
	2220	сапа жөніндегі инженер
	2230	стандарттау жөніндегі инженер
	2240	инженер-инспектор
	2250	инженер-бақылаушы
	2260	инженер-лаборант
	2261	инженер-метролог
	2270	инженер-микробиолог
	2280	инженер-технолог

	2290	инженер-химик
	2300	инспектор
	2310	санитариялық инспектор
	2320	инспектор-дәрігер
	2330	инспектор-провизор
	2340	инспектор-ревизор
	2350	консультант
	2360	лаборант
	2370	микробиолог
	2380	кіші ғылыми қызметкер
	2390	ғылыми қызметкер
	2400	мемлекеттік (федералдық) қызмет басшысының көмекшісі
	2410	аумақтық орган басшысының көмекшісі
	2420	провизор
	2430	провизор-талдаушы
	2440	провизор-интерн
	2450	кеңесші
	2460	мемлекеттік (федералдық) қызмет басшысының (директорының) кеңесшісі
	2470	маман
	2471	I санаттағы маман
	2472	II санаттағы маман
	2473	III санаттағы маман
	2480	1 разрядты маман
	2490	2 разрядты маман
	2500	сарапшы маман
	2510	аға мемлекеттік инспектор
	2520	аға ғылыми қызметкер
	2530	1 разрядты аға маман
	2540	2 разрядты аға маман
	2550	3 разрядты аға маман
	2560	кіші ғылыми қызметкердің тағылымдамадан өтушісі
	2570	технолог
	2580	технолог-гәлімгер
	2590	I санаттағы сарапшы
	2600	II санаттағы сарапшы
	2610	III санаттағы сарапшы
	2590	фармаколог
	2600	фармацевт

	2610	химик
	2620	сарапшы
3	Орта деңгейлі білікті маман	
	3010	бақылаушы-ревизор
	3011	I санаттағы лаборант
	3020	лаборант (орта білікті), II санаттағы лаборант
	3021	III санаттағы лаборант
	3030	лаборант-зерттеуші
	3040	кіші фармацевт
	3050	провизор-интерн (орта білікті)
	3060	провизор- тағылымдамадан өтуші
	3070	провизор-технолог
	3071	санитар
	3072	IV санаттағы маман
	3080	фармацевт (орта білікті)

II. Сыныптауыштың паспорты

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Коды	060
2	Типі	2 – сыныптауыш
3	Атауы	қызметшілер лауазымдарының сыныптауышы (дәрілік заттар өндірісіне және айналысына қатысты лауазымдар бөлігінде)
4	Аббревиатура	ҚЛС
5	Белгіленімі	ЕК 060– 2019 (ред. 1)
6	Анықтамалықтың сыныптауыштың қабылданғаны (бекітілгені) туралы актінің деректемелері	(Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы № шешімі
7	Анықтамалықтың сыныптауыштың қолданысқа енгізілген (енгізіле бастаған) күні	(Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы № шешімі күшіне енген күннен бастап
8	Анықтамалықтың сыныптауыштың қолданысын тоқтату туралы актінің деректемелері	–
9	Анықтамалықтың сыныптауыштың қолданылуының аяқталу күні	–
10	Оператор (операторлар)	Еуразиялық экономикалық комиссия

11	Арналымы	Еуразиялық экономикалық одақтың фармацевтикалық инспекторлары мен дәрілік заттарды өндіруші уәкілетті тұлғаларының өздерінің қызметіндегі лауазымдары туралы мәліметтерді сыныптауға арналған
12	Аннотация (қолданылу саласы)	азаматтар мен шаруашылық жүргізуші субъектілер Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарына ұсынатын құжаттарды, соның ішінде электрондық түрде ұсынатын құжаттарды жасау кезінде, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ аясында жалпы процестерді іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.
13	Түйін сөз	лауазым, дәрілік заттарды өндірушінің уәкілетті тұлғасы
14	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының өкілеттіктері іске асырылатын сала	техникалық реттеу
15	Халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) сыныптауыштарды пайдалану	1 – сыныптауыш халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) сыныптауыштармен және (немесе) ЮНЕСКО Статистика институты әзірлеген ХСҚС-2008 стандарттарымен үндестірілген. Үндестіру әдісі: 5 – үндестірудің аралас әдісі
		1 – сыныптауыштың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде аналогтары бар: Беларусь Республикасында – Беларусь Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2017 жылғы 24 шілдедегі № 33 қаулысымен бекітілген Беларусь Республикасының 014-2017 "Занятия" жалпы мемлекеттік сыныптауышы БРЖС; Қазақстан Республикасында – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-п-м бұйрығымен бекітілген Басшылар

16	Еуразиялык экономикалык одакка мүше мемлекеттердің мемлекеттік анықтамалықтарының (сыныптауыштарының) болуы	лауазымдарының, мамандардың және басқа да қызметшілердің біліктілік анықтамалығы; Қырғыз Республикасында – Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитетінің 1998 жылғы 12 маусымдағы № 21 қаулысымен бекітілген Жұмысшы кәсіптерінің, қызметші лауазымдарының және тарифтік разрядтардың жалпы республикалық сыныптауышы; Ресей Федерациясында – Ресей Федерациясының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998 жылғы 21 тамыздағы № 37 қаулысымен бекітілген Басшылар лауазымдарының, мамандардың және басқа да қызметшілердің біліктілік сыныптауышы және Ресей Федерациясының Денсаулық сақтау министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 1183н бұйрығымен бекітілген Медицина қызметкерлері мен фармацевтика қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы
17	Жүйелеу әдісі (сыныптау)	2 – сатылы, сатылар (деңгейлері) саны – 2
18	Жүргізу әдістемесі	1 – жүргізудің орталықтандырылған рәсімі. Сыныптауыштың мәндерін қосуды, өзертуді немесе алып тастауды Еуразиялық экономикалық комиссияның актісіне сәйкес оператор орындайды. Мәндерін алып тастаған жағдайда сыныптауыштың жазбасы Еуразиялық экономикалық комиссия органының сыныптауыш жазбасының қолданылуының аяқталғанын реттейтін актісі туралы мәліметтерін көрсете отырып, алып тасталған күнінен бастап жарамсыз ретінде белгіленеді. Сыныптауыштың кодтары бірегей болып табылады, сыныптауыштың кодтарын, соның ішінде жарамсыз кодтарын қайта пайдалануға жол берілмейді.

19	Құрылымы	сыныптауыштың құрылымы (сыныптауыш алаңдарының құрамы, олардың мәндерінің салалары мен қалыптастыру ережелері) туралы ақпарат III бөлімде келтірілген.
20	Деректердің құпиялылық дәрежесі	сыныптауыштың мәліметтері ашық қолжетімді ақпаратқа жатады
21	Қайта қарау кезеңділігін белгілеу	Еуразиялық экономикалық комиссия органының актілерімен белгіленетін тиісті өзгерістер енгізілуіне қарай
22	Өзгерту	–
23	Анықтамалықтан (сыныптауыштан) ізеуірттелген мәліметтерге сілтеме	(сыныптауыштан ізеуірттелген мәліметтер I бөлімде келтірілген
24	Анықтамалықтан (сыныптауыштан) мәліметтер беру тәсілі	Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық порталында жариялау. Сыныптауыштан мәліметтер Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сұрау салу бойынша интеграциялық жүйе құралдарымен беріледі.

III. Сыныптауыш құрылымының және деректемелік құрамының сипаттамасы

1. Осы бөлімде сыныптауыштың құрылымы мен деректемелік құрамы, соның ішінде деректемелер мәндерінің салалары мен оларды қалыптастыру қағидалары айқындалады.

2. Сыныптауыштың құрылымы мен деректемелік құрамы кестеде келтірілген, онда мынадай жолдар (графалар) қалыптастырылады:

"деректеме мәнінің саласы" – элементтің мағынасын (семантикасын) түсіндіретін мәтін;

"деректеме мәнін қалыптастыру қағидалары" – деректеменің мақсатын нақтылайтын және оны қалыптастыру (толтыру) қағидаларын айқындайтын мәтін немесе деректеменің ықтимал мәндерінің сөзбен сипатталуы;

"көпт." – деректеменің көптігі (міндеттілік (опциялылық) және деректемелердің ықтимал қайталану саны).

3. Берілетін деректер деректемелерінің көптігін көрсету үшін мынадай белгілер пайдаланылады:

1 – деректеме міндетті, қайталауға жол берілмейді;

n – деректеме міндетті, n рет ($n > 1$) қайталануы тиіс;

1..* – деректеме міндетті, шексіз қайталануы мүмкін;

n.* – деректеме міндетті, кемінде n рет ($n > 1$) қайталануы тиіс;

n.m – деректеме міндетті, кемінде n рет қайталануы және m реттен артық қайталанбауы ($n > 1, m > n$) тиіс;

0..1 – деректеме опциялы, қайталауға жол берілмейді;

0..* – деректеме опциялы, шексіз қайталануы мүмкін;

0..m – деректеме опциялы, m реттен артық ($m > 1$) қайталанбауы тиіс.

Кесте

Сыныптауыштың құрылымы мен деректемелік құрамы

Деректеменің атауы	Деректеме мәнінің саласы	Деректеме мәнін қалыптастыру қағидалары	Көпт.
1. Қызметшілер лауазымдары (дәрілік заттардың өндірісіне және айналысына қатысты лауазымдар бөлігінде) туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің саласымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1..*
1.1. Негізгі топтың коды	қалыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: \d{1}	кодтаудың реттік әдісін пайдалану арқылы қалыптастырылады	1
1.2. Негізгі топтың атауы	символдар жолы Ең аз ұзындығы: 1 Ең көп ұзындығы: 500	орыс тіліндегі сөз тіркесі түрінде қалыптастырылады	1
1.3. Қызметші лауазымы туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1..*
1.3.1. Қызметші лауазымының коды	қалыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: \d{4}	Кодпен белгіленім кодтаудың реттік әдісін пайдалану арқылы қалыптастырылады	1
1.3.2. Қызметші лауазымының атауы	символдар жолы Ең аз ұзындығы: 1 Ең көп ұзындығы: 500	орыс тіліндегі сөз тіркесі түрінде қалыптастырылады	1
1.3.3. Анықтамалық (сыныптауыш) жазбасы туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1
1.3.3.1. Қолданыла бастайтын күні	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күнді белгілеу	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде көрсетілген қолданысы басталатын күнге сәйкес келеді	1

1.3.3.2. Анықтамалық (сыныптауыш) жазбасының қолданыла бастауын регламенттейтін акті туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1
*.1. Актінің түрі	қалыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: \d{5}	халықаралық құқықтың нормативтік құқықтық актілері түрлерінің сыныптауышына сәйкес кодтық белгіленімі	1
*.2. Актінің нөмірі	символдар жолы Ең аз ұзындығы: 1 Ең көп ұзындығы:: 50	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің нөміріне сәйкес келеді	1
*.3. Актінің күні	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күнді белгілеу	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің қабылданған күніне сәйкес келеді	1
1.3.3.4. Қолданысының аяқталатын күні	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күнді белгілеу	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде көрсетілген қолданысы аяқталатын күнге сәйкес келеді	0..1
1.3.3.5. Анықтамалық (сыныптауыш) жазбасының аяқталуын регламенттейтін акті туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	0..1
*.1. Актінің түрі	қалыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: \d{5}	халықаралық құқықтың нормативтік құқықтық актілері түрлерінің сыныптауышына сәйкес кодтық белгіленімі	1
*.2. Актінің нөмірі	символдар жолы Ең аз ұзындығы: 1 Ең көп ұзындығы:: 50	Еуразиялық экономикалық органы актісінің нөміріне сәйкес келеді	1
*.3. Актінің күні	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күнді белгілеу	Еуразиялық экономикалық орган актісінің қабылданған күніне сәйкес келеді	1